

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

БАСПАСӨЗ-ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қ

2014 жылдың 02 қазаны

ТМД ХББ мүшелері Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өкілдерінің қатысуымен жалпы жиналыс және дөңгелек үстел өткізді

2014 жылдың 02 қазанында Алматы қаласында Қазақстан қор биржасының (KASE) мәжіліс залында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Халықаралық биржа ассоциациясы (ТМД ХБА) мүшелері жылдық жалпы жиналыс өткізді, онда 15 биржа өкілдері және ассоциация мүшелерінің депозитарилері қатысты.

Жалпы жылдық жиналыс аясында ТМД ХБА ұйымдары мүшелерінің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өкілдерінің қатысуымен "Шығыс Еуропадағы саяси жағдайлардың Ресей Федерациясы мен ТМД елдерінің қаржы нарығына әсер етуі" атты тақырыпта дөңгелек үстел өтті. Онда қатысушылар ТМД ХБА құрамына кіретіндердің биржаға қашықтықтан мүшелік ету мүмкіндігін енгізу мәселесін қарастырды. Жиналыс барысында сөз сөйлегендер:

- "Мәскеу Биржасы" ААҚ халықаралық қатысушы атқарушы директоры А.И.Потемкин;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Вице-президенті Н.Ю.Хорошевская;
- "Белорусская универсальная биржа" ААҚ Басқарма төрағасы Зарецкий А.А.;
- Мәскеу Биржасы" ААҚ Халықаралық қатысушы департаментінің бизнесті дамыту бойынша директоры С.В.Данов

ТМД ХБА 2008 және 2009 жылдары Қазақстанда ассоциация кеңесінің жиналысын өткізген, ал Алматыда жалпы жиналыс алғаш рет өтіп тұр.

Анықтама ақпарат

ТМД ХБА 2000 жылы Мәскеуде халықаралық стандарттарға сәйкес биржалық нарықты дамыту бойынша үйлестіруді күшейту мақсатында құрылған. ТМД ХБА 10 мемлекеттің 20 ұйымы кіреді. ТМД ХБА туралы қосымша ақпарат www.mab.micex.ru мекен-жайында орналасқан.

KASE Қазақстанда қаржы нарығына қызмет ететін жалғыз биржа болып табылады. Ол репо нарығы құралдарымен, шет елдік валютамен, мемлекеттік және мемлекеттік емес бағалы қағаздармен, шет елдік эмитенттермен, халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларымен сауда-саттық жүргізілетін әмбебап алаң болып табылады.

KASE 2000 жылдан бастап ассоциация құрамында және ТМД ХБА барлық іс-шарларына белсенді қатысады.

2014 жылдың 01 қыркүйегінде KASE сауда-саттық көлемі 149,2 млрд АҚШ доллары баламасына тең болды, оның ішінде акциялар нарығында – 175,9 млн АҚШ доллары. KASE акциялары нарығын капиталдандыру 29,7 млрд АҚШ долларына, корпоративтік облигациялар – 34,2 млрд АҚШ долларына тең. KASE туралы қосымша ақпарат орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде www.kase.kz мекен-жайында жарияланған.